



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Заңның 21-бабының 1-тармағында 5 жыл тұрақты тұру деген талаптың болмауы, осы бапты қолдану барысында сот тәжірибесінде келесі қиындықтар туындатады. Себебі, Заңның 21-бабының 2-тармағында бұл талап нақты көрсетілген.

Дегенмен, істі қарау барысында тұрақты тұратын деп тану үшін 5 жылды қолданған дұрыс.

Тәжірибеде қолайсыз жағдайлар туғызбас үшін, Заңның 21-бабын біркелкі қолдану мақсатында ҚР Жоғарғы соты оны қолдану туралы нормативтік қаулы шығарған жөн деп санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-құқықтық түсініктеме. Авторлар ұжымы. Қазақстан Республикасының заң шығару институты. Алматы: «Жеті жарғы», 2005, -392 бет.

2. Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz> / Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

УДК 347.254

ТҰРҒЫН ҮЙ ЕРЕКШЕ МЕНШІК ОБЪЕКТІСІ

Бейсе Саламат

Salamat01kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Қазақ халқы байырғы заманнан бері өз шаңырағын ерекше сыйлап, қадірлей білген. Осы орайда «қасиетті қара шаңырақ» деген аталы сөз бекер айтылмаса керек. Мұндағы «шаңырақтың» киіз үйдің қақ төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі екені белгілі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Жаңадан отбасын құрып, үлкен өмірге қол ұстасып бірге аттанған жастарға «Құрған шаңырақтарың биік, босағаларың берік, керегелерің кең болсын!» деп текке айтылмайды. Бұл – құрған отбасыңның тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз.

«Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау». Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзіне осылай деген еді. Шындығында, кез келген мемлекеттің ұстанымын, ұлтының құндылығын айқындайтын Негізгі Құжат – Конституция. Олай болса, Ата заңды киелідей аялап, қастерлеу – ұлттың ұлы парызы.

Еліміздің басты заңы, ата заңымыз Конституцияда тұрғын үйді ерекше меншік объектісі ретінде қарастырады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 25-ші бабының 1-ші тармағында «Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол берілмейді» делінген.[1]

Қазақстан Республикасының 1997 жылы 16 сәуірде қабылданған «тұрғын үй қатынастары» туралы заңында тұрғын үй тұрғын мақсатта қолданылатын, санитарлық, белгіленген техникалық талаптарға жауап беретін пәтер немесе тұрғын үй болып табылады. Және де осы заңда тұрғын үйдің көптеген түрлері көрестірілген олар: үй, пәтер, жатақхана және т.б. Түрлі тұрғын үйлердің өзіне тиесілі құқықтық режимдер, билік ету, иелену,

пайдалану құқықтары бойынша айырмашылықтары болады. Бірақта тұрғын үйге қол сұғылмаушылық принципі барлық тұрғын үйлерде тең дәрежеде сақталады.[2]

Бұл құқық бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 145-бабы бойынша жауапқа тартылады. Яғни, тұрғын үйдің ерекше меншік объектісі екендігін осыдан көрсек болады. Ол жайлы Қазақстан Республикасының Конституциясы, қылмыстық кодекс және «тұрғын үй қатынастары» туралы заңдарымен реттеліп, қадағаланып отыратындығына көзіміз жетіп отыр.[3]

Қазақстан Республикасының Конституциясының 25-бабына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, онда «Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі» деп айтылған.[1]

Тұрғын үймен қамтамасыз ету қазіргі таңда маңызды әлеуметтік мәселе. Бұл мәселені Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев алға қойып, қазіргі таңдағы өзекті сұрақтардың бірі ретінде қарастырып отыр. Оған дәлел Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты соңғы жолдауында еліміздің дамуындағы басты бағыттарының бірі тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту болып табылады делінген. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін алға мынадай жоспар қойылып отыр: «Агломерациялар қалыптастыру айтарлықтай тұрғындар ағынымен қатарласа жүреді. Бұл еңбек нарығы мен қалалардың инфрақұрылымына, соның ішінде, тұрғын үй қорына қысым туғызады. Сондықтан жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзқарасты қайта қараған жөн. Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз». «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Елбасы жолдауы тұрғын үй құрылысын дамытудың бағытын айқындап, басымдығын нақтылап, бұл сала қызметкерлеріне салмақты міндет жүктеп келеді.[4] Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында жүктелген тапсырмаларды орындау мақсатында Үкімет жас отбасыларға арналған «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасын бекітті. Ол тұрғын үйді сақтандыруға негізделген және бұрынғы Мемлекеттік бағдарламалардан едәуір ерекше. Бұл бағдарлама көптеген адамның үмітіне жан бітіргені сөзсіз. Жоғарыдағы стратегиялар мен бағдарламалар Қазақстан Республикасының «тұрғын үй туралы» заңнамасының және конституция баптарының жүзеге асып жатқанының дәлелі.

«Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы жайлы қысқаша мәлімет бере кетсем. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы екі бағытта жүргізілуде. Біріншісі – тек жас отбасыларға арналған. Яғни 29 жасқа толмаған, тұрмыс құрғанына 2 жыл болған, баспанасы жоқ және тұрғылықты тіркеуі бар жанұялар пәтерге кезек бойынша қол жеткізеді. Ал, екіншісіне – азаматтардың барлығы қатыса алады.[5]

Адам өмірінің басты материалдық жағдайларының бірі тұрғын үй екенін ескерсек, адамның тұрғын үйге деген сұранысы ол туғаннан бастап пайда болады. Және оның өмірінің барлық кезінде сақталады, яғни, тұрақты сипатта болып, жасы ұлғайған сайын, отбасының пайда болуымен түрі өзгереді. Тұрғын үй қатынастарында қатаң заңдылық пен әділеттілікті жүзеге асырудың қажетті талабы – бұл барлық тұрғын үй нормалары мен ережелерін дәл сақтау және дұрыс қолдану. Тұрғын үй қатынастарын реттеу күрделі сипатта болады және ең алдымен тұрғын үй және азаматтық заңнама қағидаттарының үйлесімділігі негізінде жүзеге асады. Бұның барлығы тұрғын үй қатынастарын реттеу саласындағы негізгі тұрғын үй – құқықтық және өзге де құқықтық санаттарды терең зерттеу мен меңгерудің қажеттілігі артады.[6]

Кей авторлардың (мысалы, Литовкин В.Н.) айтуынша, тұрғын үй құқығы құқық саласының дербес саласы емес және азаматтық құқықтың құрамдас бөлігі. Ал өзге авторлардың (Корнеев С.М., Седугин П.И.) пайымдауынша заңнамалық актілердің дамуы барысында тұрғын үй қатынастарында тұрғын үй құқықтық материалдарды жүйелеп баяндау, құқық нормаларының мазмұны қайтадан өңделіп, даму, құқықтағы олқылықтарды толықтыру жүреді, заңнамаға жаңа ерекше жүйелі нормативтік құқықтық қорытындыларды (оның ішінде «тұрғын үй қатынастары» ұғымы) енгізу, дербес кешенді құқықтық құбылысты қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Оған айрықша реттеу пәні, қағидаттары, құқықтық реттеудің жекелеген тәсілдері мен амалдары тән, яғни, айрықша механизмнің болуы, осы арқылы тұрғын үй құқығы аралас құқық салаларынан ерекшеленеді.[7]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: республикалық референдумда қабылданған 30 тамыз 1995. – Алматы : Әділет Пресс, 1997. – 18 б.
2. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының № 94-І Заңы. 16 сәуір 1997 жыл (07.07.2006 өзгерістер мен толықтыруларымен)
3. Научно-правовой комментарий к Конституции Республики Казахстан. Руководитель авторского коллектива - член-корреспондент Академии наук Республики Казахстан, доктор юридических наук Г.С. Сапарғалиев
4. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» 2014 жылғы 14 қарашадағы жолдауы
5. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы
6. <http://bnews.kz>
7. Седугин П.И. Жилищное право : учебник для вузов. – М., 1997. – С. 5

УДК 347.633

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ УСЫНОВЛЕНИЯ (УДОЧЕРЕНИЯ) В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Казембекова Лаура Нуркеновна

laura_nurkenovna@mail.ru

Магистрант ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, кафедры экологического и
предпринимательского права, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Мукашева А.А., д.ю.н профессор

На сегодняшний день усыновление (удочерение) является одной из самых актуальных, проблематичных и животрепещущих тем не только в Казахстане, но и во всем мире. Именно дети чаще всего страдают от тягот жизни. Беспокойная демографическая обстановка, увеличение социального сиротства, значительное Усыновление (удочерение) - форма устройства детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. Усыновление-это переход прав и обязанностей от биологических родителей (родителя) ребенка к усыновителям (усыновителю), при котором ребенок в правовом отношении полностью приравнивается к биологическим детям усыновителя.

Актуальность данной темы не вызывает сомнений. В соответствии с международным и казахстанским правом и законодательством, обеспечение интересов детей – важнейшая задача семейного права. Дети рассматриваются как самостоятельные личности, имеющие с момента рождения определенные права. Одно из самых важных из них – право жить и воспитываться в семье, как и закреплено в новом Кодексе «О браке(супружестве) и семье».

Усыновление является одним из старейших правовых институтов и существует во всех нынешних правовых системах. Усыновление призвано обеспечить нормальную